

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ҒИЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ**

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының
төрағасы, проректор
PhD. К. Курманбаев

« 25 » 2024 ж.



**6В02202-«Дінтану» (қысқартылған) білім беру бағдарламасы бойынша
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы 2024

Шығармашылық емтихан бағдарламасы Дінтану кафедрасында дайындалып, кафедра отырысында талқыланды.

Дінтану кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 10 « 20 » 05 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.А. Рыскиева

«6B02202-Дінтану» (қысқартылған) білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы шығармашылық емтиханды өткізу қағидалары Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде шығармашылық даярлықты талап ететін Дінтану білім беру бағдарламасының қысқартылған бағдарламасына түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.

2. Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.

3. Шығармашылық емтиханды Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде құрылған пәндік комиссия өткізеді.

4. Білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды өткізу нысаны мен мазмұны жоғары оқу орнымен дербес анықталады.

5. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Нұр-Мұбарак ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітілетін пәндік комиссия құрылады.

6. Шығармашылық емтиханның кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, кеңестер, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

7. Қысқартылған оқу бағдарламасы үшін өткізетін шығармашылық емтихан 20 баллдық жүйе бойынша бағаланады. Шығармашылық емтиханның нәтижесі бойынша, олардың сәтті өткенін растайтын ең төменгі балл саны – 5 балл.

8. Университетке қабылдану үшін талапкер кемінде 25 балл жинауға міндетті.

9. Қысқартылған оқу бағдарламасына ақылы негізде оқуға түсуге ниет білдірген талапкерлер емтихансыз тек сұхбаттасу арқылы қабылданады және «өтті/өпеді» деп бағаланады.

2. Емтиханды қабылдау тәртібі

1. Шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жіберуді және емтиханды өткізу кезінде осы қағидаларды сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтиханды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде аудиторияда бөтен тұлғалардың болуына жол берілмейді.

3. Талапкер емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкер аудиторияға емтихан басталғанға дейін 10 минут бұрын жіберіледі.

4. Талапкер шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

5. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға

ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады.

6. Шығармашылық емтихан тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкүндік жасалады.

7. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлерге және оны өткізу үшін тартылған жоғары оқу орнының қызметкерлеріне өзімен бірге байланыс және электрондық-есептеу техникаларын алуға және пайдалануға тыйым салынады.

8. Шығармашылық емтихан басталғаннан кейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды рәсімдеуге ұсынылған тәртіптер түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялаудың және апелляция өткізудің уақыты мен орны көрсетіледі.

9. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:

- емтихан алушының көрсеткен орынға отыру;
- тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- шығармашылық емтиханның аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

10. Осы қағидаларды бұзған жағдайда талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парағына емтихан алушының қолымен расталған шығару себебі туралы жазылады. Талапкердің бұл жұмысы жойылады. Талапкер дәлелді себептермен емтиханға кешігіп немесе келмеген жағдайда ол шығармашылық емтиханды жазбаша өтініші мен шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептерін растайтын құжаттарды ұсынуы негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта тапсыруға жіберіледі.

11. Шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептер мыналар болып табылады:

- талапкердің ауырып қалуы (емдеу мекемесінен ауырып қалғандығы туралы анықтаманы ұсынумен расталады, анықтама емдеу мекемесінің мөрімен бекітіледі);
- төтенше жағдайлар, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (мемлекеттік мекемеден төтенше жағдайдың немесе жол-көлік оқиғасының болу фактісін айғақтайтын анықтама ұсынумен расталады).

12. Дәлелді себептер бойынша шығармашылық емтиханға келмеген тұлғалар оған шығармашылық емтиханды өткізу мерзімінен кешіктірілмей қосымша анықталған күні жіберіледі.

13. Дәлелсіз себептермен емтиханға келмеген талапкерлер емтиханға жіберілмейді.

14. Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға рұқсат берілмейді.

15. Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орнының ғимаратында жүргізіледі.

16. Шығармашылық жұмыстарды тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.

17. Шығармашылық емтиханның қорытындысы ведомостпен рәсімделеді.

18. Тексерілген жұмыстар, бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші емтихан қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.

19. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін келесі күні хабарланады.

20. Талаптарды сақтауды және шығармашылық емтиханды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде шығармашылық емтихан тапсырушы тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

21. Апелляциялық комиссия шығармашылық емтиханның нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтінімдерін қарастыру үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Нұр-Мұбарак Ғылыми кеңесінің бұйрығымен бекітіледі.

22. Апелляцияға өтінімді апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырушы тұлға жеке береді. Өтінім шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.

23. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтінімі қарастырылмайды.

24. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

25. Қысқартылған білім бөліміне түсетін тұлғалар тестілеудің бір пәнінің ұпайы есептеледі: Қазақстан тарихы.

3. Нормативтік талаптар

«Дінтану» (қысқартылған) білім беру бағдарламасына түсу емтихандарының бағдарламасы мен талаптары шығармашылық қабілеттері бар, алғашқы діни сауатқа ие тұлғаларды таңдау мақсатында құрылған.

Қысқартылған білім беру бөліміне түсу үшін талапкерлер дін негіздері бойынша шығармашылық емтихан тапсырады.

Дін негіздері бойынша ауызша емтихан талапкерлердің бастапқы дінтанушылық қабілеттерін айқындауға, олардың діни білімдерін толық көрсетуге мүмкіндік береді.

**«6B02202-Дінтану» (қысқартылған) білім беру бағдарламасына
түсушілерге арналған емтихан сұрақтары**

1. Әлемдік және ұлттық діндер туралы баяндаңыз
2. Абай шығармаларындағы сенім мен құлшылық түсінігі
3. Діннің шығу тегіне қатысты теориялар
4. Атеизмнің себептері мен діни танымнан ерекшелігі
5. Әбу Насыр әл-Фараби және оның ғылым тарихындағы орны.
6. Сопылық деген не?
7. Әлемдік діндердегі қасиетті жазбалар
8. Буддизм дінінің бағыттары (хинаяна және махаяна)
9. Дәстүрлі емес діни қозғалыстардың үгіт-насихаттағы әдіс-тәсілдері
10. Дәстүрлі діндер мен дәстүрден тыс діни қозғалыстардың айырмашылығы
11. Дін мен дәстүр сабақтастығы
12. Жаңа діни қозғалыстар туралы баяндаңыз
13. Сәләфилік және Уәһһабилік туралы айтыңыз
14. Діни наным-сенім бостандығының негіздері мен көріністері
15. Түрлі діндердегі миссионерлік ұғымына сипаттама беріңіз.
16. Ғаламтордың діни білім берудегі орны
17. Экстремизм, терроризм, радикализм ұғымдарының айырмашылықтары
18. Діннің қоғамдық қызметтері
19. Қазақ даласындағы сопылықтың орны мен рөлі туралы баяндаңыз
20. Діндер тарихына қатысты мұсылман шығыстағы зерттеулер
21. Шәкәрім шығармаларындағы ислам негіздері.
22. Кәпір деп кімге айтылады және «тәкфир» ұғымына қатысты түсінігіңіз қандай
23. Жаңа діни ағымдардың пайда болуының алғышарттары
24. Исламға дейінгі араб қоғамындағы діни ахуал
25. Ислам дінінің тарихын кезеңдендіруге қатысты көзқарастарды талдаңыз.
26. Қазіргі кезеңде әлем аренасындағы ислам дінінің орны.
27. Ислам мен христиан діндерінің айырмашылықтары мен ұқсас тұстары
28. Исламдағы негізгі ақидалық бағыттар
29. Иудаизм дініндегі қасиетті кітаптар, мазмұны, тарихы, маңызы.
30. Кеңес үкіметі кезінде мемлекеттің дінге қатысты ұстанымына талдау
31. Ислам тарихындағы әділетті халифалар кезеңінің ерекшеліктері
32. Қазақ ақын-жырауларының діни көзқарастарына сипаттама жасаңыз.
33. Қазақ ағартушылық тарихындағы мешіттер мен медреселердің маңызын түсіндіріңіз
34. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қоғамдағы орны
35. Аббасилер дәуіріндегі ғылыми жағдай
36. Құранның жазылу және жинақталу тарихы
37. Қазақстандағы діни жағдай және қазіргі әлемдегі дін
38. Қазақстандағы жаңа діни ағымдар және олардың қазіргі ахуалы

39. Муғтазила ағымының ислам философиясының қалыптасуына әсері
40. Қазіргі кезеңдегі сопылық
41. Әбу Ханифа мәзһабы және хадиске қатысты ұстанымы
42. ҚР-дағы діндер диалогы және діни төзімділік идеялары
43. Андалусиядағы ислам тарихы мен өркениеті
44. Зайырлылық ұғымы және зайырлы мемлекеттің сипаттары
45. Ислам дініндегі мереке күндер және оның қоғамдық функциясы
46. Протестанттық бағыттың пайда болу тарихы
47. Католик және православие бағыттарының ерекшеліктері
48. Хадистердің жазылуы мен жинақталуы
49. Үнді діндеріндегі ортақ ұғымдар: карма және сансара
50. Діндер классификациясына қатысты теорияларды баяндаңыз
51. Христиан дініндегі басты бағыттар және олардың қалыптасуы
52. Көне Иран діндеріндегі «Құдай» ұғымы
53. Конфуцизмдегі этикалық принциптер
54. Грек және римдіктердің діндері
55. Ислам тарихында hijреттің орны

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Жоламан Бұланұлы, Ежелгі және қазіргі діндер тарихы. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2024, 560 б.
2. Жоламан Бұланұлы, Жаңа діни қозғалыстар. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2023. – 248 бет.
3. Ержан Қ, Махмет М., Салыстырмалы діндер тарихы. Алматы: 2017.
4. Байтенова Н.Ж. және т.б. Дінтану: энциклопедиялық сөздік. Қазақ университеті баспасы. Алматы, 2018. – 2 том.
5. Жоламан Бұланұлы, Сопылық ілімі: Тарихы, мәні және сипаттамасы. Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2023. – 464 бет.
6. Асан Т., Балапанова А.С., Козырев Т.А. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. Алматы: «Қазақ университеті», 2013
7. Байтенова, Н. Ж., Бейсенов Б. Қ., Абжалов С. В. Исламдағы секталар мен бағыттар. Оқу-әдістемелік құралы. Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті - Алматы: Қазақ университеті, 2013 . — 110 б.
8. Имаммади Т. Ислам құқығына кіріспе. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2021. – 241 б.
9. Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева Ш.С. Рысбекова және т.б., Дінтану. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 477 б.
10. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны / ауд. Д.Кенжетай, К.Қаратышқанова, А.Тасболат // — Алматы, 2018
11. Шабан Өз. Ислам тарихы / ауд. Есімқұлов Е.Н. – Алматы, 2018. – 352 б.
12. Махмет Мұратхан, Яһудилік. Нұр-Мұбарак баспасы, Алматы, 2019. – 160 б.